

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Фармация комитеті Төрағасының  
201\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**ТРАХИСАН®**

**Саудалық атавы**  
Трахисан®

**Халықаралық патенттелмеген атавы**  
Жоқ

**Дәрілік түрі**  
Соруға арналған таблеткалар

**Құрамы**

Бір таблетканың құрамында: *белсенді заттар*: лидокаин гидрохлориді – 1.00 мг, хлоргексидин диглюконаты – 1.00 мг, тиротрицин\*\* – 0.50 мг  
*қосынша заттар*: сорбитол, магний стеараты, бұрыш жалбызы майы.

**Сипаттамасы**

Диаметрі  $(13.0 \pm 0.2)$  мм және биіктігі  $(4.0 \pm 0.2)$  мм, ақ түсті, дөңгелек пішінді, жиегі көртілген, беті жалпақ таблеткалар.

**Фармакотерапиялық тобы**

Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар.  
АТХ коды R02A

**Фармакологиялық қасиеттері**

**Фармакокинетикасы**

**Тиротрицин**

Жергілікті қолданғанда сау теріде, зақымданған теріде немесе шырышты қабықта резорбциясы байқалмаған.

Тиротрицин асқазан сөлімен пептид сияқты толығымен ыдырайтын болғандықтан, белсенді заттың дозасының қолдану режимін сақтағанда сарысада фармакологиялық релевантты концентрациясын күтпеген жөн.

**Хлоргексидин**

Ауызды шайғаннан кейін Хлоргексидин тіс эмаліне, дентин, цемент, тіс пелликуласы мен шырышты қабықта сіңірледі. Хлоргексидиннің баяу десорбциясы сілекейде 8 сағатқа дейін (депо әсері) жүреді.

Хлоргексидиннің ауыздың зақымданбаған шырышты қабығы арқылы сіңуі байқалмаған.

Адамда жартылай шығарылу уақыты 4 күнді құраған.

#### *Лидокаин гидрохлориді*

Пероральді қабылдаудан кейін толық резорбцияланады, алайда, бауыр арқылы бірінші өтуінде-ақ 50% белсендерлігі жойылады.

Трахисанда 1 мг белсендер заттың мөлшері жүйелік әсерін іс жүзінде жокқа шығарады.

#### **Фармакодинамикасы**

Трахисан ауыз қуысы мен жұтқыншақта қабыну ауруларын емдеу үшін қолданылады. Оның құрамында құрамдас бөліктегінің ауыруды басатын және микробқа қарсы қасиеттерімен белсендер заттардың біріктілімі бар.

*Тиротрицин* – спора түзетін *Bacille brevis* эндотоксиндермен тиротрициннің құрылымы бойынша ұқсастығы есебінен бактерияға қарсы әсері бар циклді және желілік полипептидтер қоспасы. Қоспа құрамында 20-30% грамицидин – бейтарап желілік пентадекапептид және 70-80% тироцидин – негізгі циклді декапептид бар.

Тиротрициннің әсер ету саласы көбіне грамонқ коктарды, бактерияларды және барлық басқа *Candida albicans*-тан өзге зендердің алуан түрлерін қамтиды.

Тироцидин бактериялық жасушалардан, катионды детергенттерге ұқсас, бактериялық жасуша жарғақшаларының осмостық бөгетін бұзатын азот пен фосфат субстанциялары босап шығуын тудырады. Өсіп келе жатқан немесе бөлінетін бактерияларға әсері бактерияның жасушалық қабықшасына тікелей әсер етуімен шектелмеген, тироцидиннің бактерицидті әсері сонысымен түсіндіріледі.

Грамицидин бактериялардың жасушалық жарғақшасында катион өткізетін өзекшелер түзеді, бұл калий жоғалтуға және катиондардың жасуша ішілік концентрациясының өзгеруіне, ал ақыр аяғында цитолизге алып келеді. Грамицидиндік компонент тотығып фосфорлану үдерістерінің одан әрі бөлекtenуіне алып келеді. Антибиотиктердің жүйелі пайдаланғанда белгісіз тиротрициннің ерекше әсер ету механизмі негізінде айқаспалы төзімділігі байқалмайды.

Хлоргексидин негізі болып табылады, сондықтан бәрінен бұрын тұз түрінде тұрақты. Бос негіз, диацетат және дигидрохлорид суда елеусіз ерігіштікті иеленген (сәйкесінше, 0.08 г, 1.0 г және 0.06 г/100 мл), бұл ретте диглюконат үшін ол өте жоғары ( $> 50$  г/100 мл). Сондықтан әртүрлі көрсетілімдер кезінде көбіне диглюконат тағайындаиды.

Хлоргексидин және тұздар грамонқ және грамтеріс бактерияларға қарсы айқын микробқа қарсы әсерге ие.

Кейбір грамтеріс бактерияларға (*Pseudomonas* және *Proteus* strains) қарсы және ашытқылар, дерматофиттер, микобактерияларға қарсы әсері елеусіз.

Ол бактерияларға, зендер спораларына, вирустар мен ыдырататын зендерге қарсы тиімсіз.

Орташа бәсендегетін концентрациясы мынадай болады ( $\mu\text{g}/\text{мл}$ ):

Бактериялар:

Escherichia coli 0.93

Enterobacter 8.33

Serratia marcescens 26.6

Pseudomonas aeruginosa > 73

$\beta$ -һамолисиеренде Streptokokken 0.29

Streptococcus faecalis 0.97

Salmonella spp. 4.65

Klebsiella spp. 8.97

Proteus spez. > 67

Streptococcus mutans 0.19

Staphylococcus aureus 1.17

Ашытқылар, дерматофиттер және өңезді зендер:

Candida albicans 11.0

Microsporum canis 18.0

Aspergillus versicolor 75.0

Хлоргексидин негізінен бейтарап және әлсіз-сілтілі pH кезінде әсер етеді.

Қышқыл pH-ортада тиімділігі төмен болған. Сабын, қан немесе ірің болғанда Хлоргексидиннің тиімділігі азаяды (100-1000 есе анағұрлым жоғары бәсендегетін концентрация қажет етіледі).

10 мл 0.2% Хлоргексидин ерітіндісімен ауызды шаю ұзақтығы 12 сағатқа дейін сілекейде бактериялар мөлшерінің елеулі азаюына алып келеді. Бұл тіс өңезі түзілуін төмендедеді.

Бірнеше ай бойы қолданғанда ауыз флорасы мен тіс өңезінде бактериялар спектрінде қайтымды өзгерістер жүреді. Ауыздағы микроорганизмдер спектрінің өзгеру салдары туралы ешқандай зерттеулер жоқ.

Хлоргексидиннің әсер ету механизмі беткейлік қасиеттері белсенді заттармен жана сқаннан кейін өзгеретін микроорганизмдердің жасушалық қабығымен тектестігіне негізделеді.

Липофильді топтар жасуша қабығының липопротеинді жарғақшаларының өзгеруіне әкеледі, Хлоргексидиннің сінірілуі қоздырғыш жасушаларының цитоплазмалық жарғақшасының біртіндеп ыдырауымен осмостық тепе-тендіктің бұзылуына алып келеді.

Лидокаин гидрохlorиді амидті түрдегі жергілікті анестетик болып табылады. Ол жүйке талшықтары натрий өзекшелерінің блокадасын туындалады, осының салдарынан жүйке жарғақшалары одан әрі деполяризациялана алмайды. Соның салдарынан жүйке талшықтарында қозудың берілуі бөгеледі.

**Қолданылуы**

- ауыз қуысы мен жұтқыншақтың қабыну және инфекциялық ауруларында (стоматит, гингивит, пародонтит, глоссит, тонзиллит, фарингит және қинальшың жұтумен қоса жүретін басқа да жай-күйлер)

- ауыз қуысына және жұтқыншаққа жедел араласуға дейінгі және кейінгі инфекцияларлардың профилактикасында (тістердің экстракциясы, қызыл иектерді хирургиялық емдеу, тонзиллэктомия).

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Трахисан - соруға арналған таблеткалар – әрбір 2 сағат сайын бір таблеткадан қабылдау керек. Ересектерге және 12 жастан асқан балалар үшін тәуліктік доза - 8 таблетка, 6 жастан 12 жасқа дейінгі балалар үшін - 6 таблетка.

Ауру симптомдары бірнеше күннен кейін жоғалады, алайда тұрақты емдік нәтижеге қол жеткізу үшін емді тағы 2-3 күнге жалғастыру ұсынылады. Егер препаратты қолданғаннан кейін 10 күннен соң жағдай жақсармаса, дәрігермен кеңесу керек.

### **Жағымсыз әсерлері**

*Сирек:*

- әсер етуші заттарға немесе препараттың басқа компоненттеріне аллергиялық реакциялар
- дәмнің қысқа мерзімдік өзгерулері, аз уақыттан соң, әдетте бір сағаттан соң өтіп кететін тілдің жансыздануы
- ұзақ қолданғанда ауыз қуысы гигиенасы көмегімен жоюға болатын тістердің, тіс пломбалары мен протездерінің немесе тілдің сары немесе ашық-қоңыр түске шамалы боялуы. Препаратты қабылдауды тоқтатқаннан кейін боялу өздігінен жоғалады.

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- препараттың кез келген ингредиентіне жоғары сезімталдық.
- ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдануы (эрозия және десквамациялық өзгерістер).
- ауыз және фарингеальді қуыстардың ашық жаралары.
- 6 жасқа дейінгі балалар

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Қазіргі кезге дейін белгісіз.

### **Айрықша нұсқаулар**

1 таблетканың құрамында 691.5 мг сорбитол бар, бұл 0.057 нан бірлігіне сәйкес келеді.

Препаратты қант диабетінен зардал шегуші пациенттерге қолдануға болады. Құрамында сорбитол болуымен байланысты препаратты фруктоза жақпаушылығы бар адамдарда сақтықпен қолданылуы тиіс.

Ауыз қуысы анастезиясы кезінде еріксіз аспирация болуы мүмкін, сондықтан 12 жасқа дейінгі пациенттерге сақтықпен қолдану керек.

*Спортшыларға сақтықпен:* Трахисан жалған он допинг-сынама көрсетуі мүмкін.

### *Жүктілік және лактация кезеңі*

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде ана денсаулығы үшін болжамды пайдасы шаранаға және сәбиге төнетін зор қатерден артық болатын жағдайларда ғана қолдануға болады.

*Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Әсер етпейді.

### **Артық дозалануы**

Құрамның фармакологиялық қасиеттеріне сәйкес, Трахисан таблеткаларын өте көп қабылдаған кезде уытты әсерінен сақтанудың қажеті жоқ. Таблетканың шамадан тыс мөлшерін абайсызда қолданғанда асқазанды шаю ұсынылады.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау шарттары**

25<sup>0</sup>C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептісіз

### **Өндіруші**

Энгельхард Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ.

Херцбергштрассе 3, 61138 Нидердорфельден, Германия.

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Альпен Фарма» ЖШС, Қазақстан

### **Эксклюзивті өкілі**

Альпен Фарма АГ

Берн, Швейцария

*Қазақстан Республикасы аумағында тұтынуышылардан өнім (таяар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын үйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:*

«Альпен Фарма» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі,  
Көкөзек а., 1044 участке  
Тел./факс + 7 727 232-34-73,  
+ 7 727 232-34-74  
E-mail: [info.kazakhstan@alpenpharma.com](mailto:info.kazakhstan@alpenpharma.com)

*Қазақстан Республикасы аумағында дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауга жауапты үйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:*

«Альпен Фарма» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі,  
Көкөзек а., 1044 участке  
Ұялы тел. +7 701 035 70 69.  
E-mail: [info.kazakhstan@alpenpharma.com](mailto:info.kazakhstan@alpenpharma.com)

22.05.17